

## ЖЕЗӨКШЕЛІК ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ ҚҰБЫЛЫС ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Құлаққа жағымсыз, адам жаны жиренетін бұл сөзге бүгінде халқымыздың құлағы үйреніп кетті. Көше бикештері түнде ғана емес, күндіз де жүздерін жасырмастан, тәндерін саудаға салуда. Нарықтық қоғамда ақша көп рөл атқарып жатқаны жасырын емес. «Ақшаң болса қалтаңда, талтандасан талтаңда» деген қағида халықтың санасына сіңіп кетті. Ал ақша бар жерде ластық, зорлық-зомбылық бар екенін біле бермейміз. Мәселен, жезөкшелік осыған байланысты туындаған.

Жезөкшелік біздің дәуірімізге дейінгі қоғамдарда да тіршілік еткен, сондықтан оны «ең көне кәсіп» деп айтады. Жезөкшелік адамзат дамуының алғашқы кезеңінен бастап, күні бүгінге дейін жасап келе жатқан аса күрделі әлеуметтік құбылыс. Әйтсе де, қазіргі жезөкшелердің арасында философ, саясатшы, шешен, ақындар жоқ. Түнгі барларда стриптиз жасап, сексуалдық би орындап демалушылардың көңілдерін көтеріп, өз денесін сату арқылы жезөкшелікпен айналасатындар саны көп. Қазіргі таңдағы жезөкшелердің басты міндеті - интимдік қатынастың қандай түрімен болсын серігінің сексуалдық мұқтажыды қанағаттандыру.

Жезөкшелік дегеніміз әртүрлі адамдармен әлденеше рет жыныстық қатынаста болуы. Жыныстық қатынас әйел мен еркектің, әйел мен әйелдің, еркек пен еркектің (гомосексуалдық) араларында болуы мүмкін. Жезөкшеліктің басты сипаты - белгілі бір ақы алу үшін әртүрлі адамдармен бейберекет нәсіпқорлық қатынас жасау. Мысалы, ағылшын заңдылықтарында жезөкшелік деп әйелдердің өз денесін нақты төлем алу мақсатымен тәртіпсіз азғындыққа салуы немесе ұсынуы белгіленген; Болгарияда — адамгершілікке жат қызметтен түсетін еңбексіз пайда табу; АҚШ-да — сыйақы үшін жыныстық қатынасқа түсу, ал Чехословакияда өмір сүру үшін еңбектен жалтарып пайда табу ретінде қарастырылады. Осы айтылған барлық түсініктер әрекеттің адамгершілікке қарсы жақтарын, пайдақорлықпен байланысты жақтарын ашып отыр.

Жезөкшелік — өте қауіпті құбылыс. Ол ең алдымен қоғамдық адамгершілікті аяққа таптайды, қалыптасқан отбасының рухани құндылықтарын аяққа басады. Арсыздықты, дөрекілікті, ұятсыздықты, есепқорлықты дәріптеп, адалдық, сүйіспеншілік, махаббат, сенім, отбасына деген құрметті сезімдерді жоққа шығарады. Жезөкше төсек ақысы үшін небір сұмдық, қауіпті іс-әрекеттерге дайын тұрады. Жезөкшелер дін мен ұлттық салт-дәстүрді аяққа таптап, халықтың ұлттық намысын, туыстарының ар-намысын қорлап, беделін түсіреді. Венерологиялық, одан да басқа жұқпалы аурулардың таратушысы да жезөкшелер екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Ол маскүнемдікпен, нашақорлықпен, уытқұмарлықпен тығыз байланысты, яғни, жезөкшелікпен айналысушылардың басым көпшілігі осы аталған кәсіппен қоса айналысады.

Жезөкшеліктің тағы бір қоғамға қауіптілігі сол — олардың басым көпшілігі жасанды түсік тастайды, заңсыз аборт жасайды, әкесіз, некесіз туған жас нәрестелерін қараусыз тастап кетеді, ал қыз балаларын өз кәсібіне баулитын жезөкшелер де пайда бола бастады. Жезөкшелікпен айналысатындар қоғамға пайдалы еңбектен жалтарып, жеңіл табыс табу үшін арамтамақтық кәсіпке үйренеді, олар адамгершілік қасиеттерді жоғалтып, құлдырауға ұшырап, моральдық ауытқушылыққа тап болады.

Қазіргі таңда әлемнің кейбір елдерінде қонақжайлық пен діни жезөкшеліктің сарқындылары қалғанымен, бұл түрлері негізінен жоқтың қасы. Ресми жезөкшелікке ТМД елдері мен шетелдердің көпшілігінде тыйым салынған. Біздің елімізде жезөкшелер заңдастырылмаған. Өйткені бұндай харам әрекет дінімізге мүлдем қайшы. Дегенмен, жасырын жезөкшелік тіршілік етуде. Сарапшылар осы әлеуметтік құбылыстың туындауына және кең таралуына себеп болған бірнеше фактор бар деп біледі;

1. Әлеуметтік-экономикалық фактор: елдегі әлеуметтік теңсіздік үлкен бөлігінің, ең алдымен барлық жастардың өмір сүру деңгейінің төмендеуі; қоғамның байларға және кедейлерге жіктелуі; әйелдердің көпшілігінің қамтамасыз етілмеуі; жұмыстан басқа іс майданында өздерінің қабілеттерін көрсетудің қиындығы; жас әйелдер үшін жоғарғы табыс табу мүмкіндігінің шектеулігі.

2. Моральдық-этикалық фактор: қоғамның айтарлықтай бөлігінің моральдық деңгейінің төмендегі, руханисыздық, дүние-мүліктік психология; тауар-ақша қатынасына құрылған өркениет жағдайындағы адамның өзін-өзі жатсынуы; әйелдерді сұлулық пен мейірімділіктің бейнесі деп танытын түсініктің күйреуі; ана мәртебесінің төмендеуі; тәрбиенің мақсатты бағдарламасының және жыныстық тәрбиенің болмауы.

3. Физиологиялық фактор: жезөкшелікпен машықтану екі жыныстың қатысуымен жүзеге асады. Әйел сарапшылар еркектердің сексуалдық мұқтажының кінәләп, «сұраныс ұсынысты тудырады» деген себеп айтса, еркек сарапшылар жезөкшелікпен айналасу үшін осы іске құштарлық еркек деп есептеп, оны әйелдер ағзасының физиологиялық ерекшеліктерімен байланыстырады.

Жезөкшеліктің тіршілік етуінің себебі, оған үнемі сұраныс болуында, яғни, олардың қызметін әртүрлі еркектер пайдаланады: біріншіден, жас болғандықтан сексуалдық тәжірибесі жоқ және басқа жолмен өздерінің сексуалдық мұқтажының қанағаттандыра алмайтындар; екіншіден, сексуалдық әуестігі әдеттегіден тыс, тіпті ауытқушылыққа ұшыраған және оны әйелімен немесе ашынасымен қанағаттандыра алмайтындар; үшіншіден, өгде жастағылар, дене құрылысы кемшілер немесе психологиялық ерекшелігі барлар жезөкшелердің қызметін пайдаланбай, жыныстық қарым-қатынас жасай алмайды; төртіншіден, көптеген жалғыздікті адамдар жезөкшелермен байланыстан адамдық жылылық іздейді, уақытша болсын жалғыздықтан құтылады. Жат қалада іссапарда жүрген немесе демалып жатқан адамдар да әлгідей сезімді бастан өткерді.

Жезөкшелік құбылысының орын алуының басқа да мәселелері бар. Тәрбиесінде жас балалары бар жалғыздікті жесір әйелдердің екінші рет тұрмысқа шығуы оңай емес, әрі бірқатар жағдайда сәтті бола бермейді. Ал тұрмысқа шыққандардың бір бөлігі түрлі себеппен жезөкшелік жасауға бейімделіп, теріс жолға түседі,

Жезөкшелікке әкелетін тағы бір маңызды фактор, қазіргі «жыныстық қатынас төңкерісі» кезінде жасөспірімдердің жыныстық қатынас туралы дұрыс мәлімет алмауында. Бүгінде тек «валеология» сабағының бір бөлімінде ғана жыныстық қатынастар туралы берілуде. Бірақ, бұл қазіргі заман талабына сай келмейді.

Зерттеулердің нәтижесінде қамтамасыз етілуіне, клиенттердің әлеуметтік тегіне, интимдік қызметі үшін алған сыйақы мөлшеріне қарай жезөкшелердің үш негізгі тобы бары анықталған. Бірінші топты жезөкшелердің «интербикештер» деп аталатын тандаулы бөлігі құрайды. Оларды валюталық жезөкшелер деп те атайды. Бұлар бірінші сыныпты ресторандарда, мейрамханаларда, демалыс үйлерінде, шетел азаматтары мен қалталы отандастарына қызмет көрсетеді. Қызмет ақыларының құны шетелдік валютада, көбіне доллармен есептеледі. Импорттық тауарлармен іс сыйақы алады. Екінші топқа қалталы азаматтармен қатар, ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелеріне қызмет ететін жезөкшелер енеді. Жеңгетайлар тапқан клиенттермен притондарда «жұмыс» істейді. Интербикештермен салыстырғанда төлемақылары едеуір төмен. Дегенмен, бұл топтың жоғарғы сатысындағылардың «сәтті» жезөкшелер қатарына қосуға болады. Үшінші, ең нашар топты көше, трасса, автокөлік, вокзал жезөкшелері құрайды. Жеңгетайларсыз жұмыс істейді. Көше жезөкшелерінің жиналатын белгілі бір орны болады. Жезөкшелердің үшінші тобына жататындардың сыртқы бейнелері әжептеуір тартымды, өздері де жас болғанымен, көпшілігі үй-күйсіз тіршілік етеді және ішкілікке салынады. Төлемақылары мардымсыз. Түстік ас пен бір стакан ас үшін де қызмет көрсетіндері бар. Осыған орай, жезөкшелердің бағасы әртүрлі болып келеді. Мәселен, Алматыда І-теміржол вокзалы бойында тұрған «сылқым арулар» сағатына 3-3,5 мың теңгеге қызмет етуге дайын. Ал орталық көшеде тұратындардың бағасы сәл қымбат. Олар 5-7 мыңнан кем емес ақша сұрайды. Қазақстанға Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан мемлекеттерінен келген қыздардың құны анағұрлым

арзанырақ. Олар тіпті 1,5-2 мың теңгеге "жұмыс істеуге" дайын. Арзанға бой алдыртқан көптеген жігіттеріміз ЖИТС (жүре пайда болған иммунитет тапшылығы синдромы), сондай-ақ, мерез, ақ қан сияқты жаман ауруларға шалдығып жатқаны жасырын емес. Қазақстандық қыздар бір түнге 15-25 мың аралығындағы қаржыңызды сыпырып алуға даяр. Ал моншада жігіттердің көңілін көтеретін бикештер өте қымбат соманы сұрайды. Олар 200-500 доллар аралығындағы ақшаға ғана келіседі. Сондықтан көбіне олар шетелдік «қалтасы қалың» жігіттерді «аулайды». Соңғы кезде жезөкшелер мол қаржы табу мақсатымен ғаламтор арқылы клиенттерді іздейтін жаңа әдіске көшіпті. Мәселен, бір ғана «Алматинки.ком» деген сайтқа кірсеңіз, мыңнан астам ару қыздардың ұялы телефон нөмірлері, сағатына қанша сұрайтыны, тіпті қалай қызмет ететіні көрсетілген. Олар өз суретін ілуге де арланбайды. Денесінің пішімін, оның ішінде кеуделерінің көлемін сипаттап жазады. Сөзінің шындығына сайт жауап беретіндіктен, ешқандай жалған мәлімет көрсетуге жол жоқ көрінеді. Көбісі «VIP» бойынша 100 долларды, сондықтан да ұялмай сұрайды. «Мэйл.рудағы» танысу бұрышында да жезөкшелердің саны жетіп-артылады. Көптеген сайттар жылдап емес, күн сайын қосылыш жатыр десек, қателеспейміз. Қазір жастардың ғаламторға тым әуестеніп кеткендігі шетелдік порнофильмдердің ашықтан-ашық көрсетуінен емес пе екен?! Кейбір сайттар күніне кем дегенде 20-30 онлайндық фильмді қосады екен. Бұларды талғаусыз қарайтын жастардың санасы уланатыны белгілі. Тіпті осындай «құбыжық» киноларға құмартқандар денсаулықтарын қалайша бүлдіріп алғанын білмей қалады.

Жезөкшелер өрлеумен емес, үнемі құлдыраумен күн кешеді. Жезөкшелер әрдайым түрлі адамдармен қарым-қатынаста болғандықтан және өз кәсіптерімен қолайсыз орындарда да, мысалы, кораларда, подъездерде, подвалдарда айналысқандықтан және жеткілікті түрде тамақтанбағандықтан жыныс ауруларынан басқа ауруларға да ұшырайды. Мұндай өмір салтына олардың денсаулықтары шыдамай жастарына жетпей айықпас ауыр дерттен көз жұмады.

Тәуелсіз сарапшылардың дерегіне жүгінсек, бүгінгі күні Қазақстанда сырттан келгендерді қоспағанда, 10 мыңнан астам жезөкше бар. Жезөкшеліктің заңдастырылмағанына қарамастан, олардың қатары күннен-күнге өсуде. Құқық қорғау органы қызметкерлерінің айтуына қарағанда, жезөкшелікпен күресу мүмкін емес. Қазіргі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жезөкшенің өзін қылмыстық жауапқа тартатын бап жоқ. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жезөкшелікпен айналысуға тартқаны (270-бап) және жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастырғаны немесе ұстағаны және жеңгетайлық жасағаны үшін (271-бап) қылмыстық жауаптылық қана көрсетілген. Ал жезөкшелердің тікелей өзі теріс әрекеттері үшін тек қана әкімшілік жауапқа тартылады да, қылмыстық жауаптылықтан тысқары қалады. Сөйтіп, олар өз «қызметін» одан әрі жалғастыруға мүмкіндік алып, оларды жезөкшелікпен айналысуға тартқан, немесе притонда ұстаған, жеңгетайлық жасаған субъектілердің жаңа тобы қылмыстық жауапқа тартылып, жазаланады. Яғни, бұл ретте жезөкшелер қылмыстың қайнар көзі болып көшеде қала береді. Мемлекет осы бір көлеңкелі бизнесті бақылауына алар болса, ол жерде белгілі мөлшерде тәртіп орнайды. Қыздар әрдайым медициналық тексерістен өтіп тұрса, клиенттерге «жаман ауру» жұқпас еді. Ең бастысы, жезөкшелер салық төлейді. Міне, осыдан-ақ мемлекетке көп пайда түседі», — дейді Алматы қалалық мәслихат депутаты Светлана Романовская. Ал тәуелсіз құқық қорғаушы Айна Шорманбаева болса заңдастыруға қарсы екендігін жасырмайды. «Жезөкшелерді заңдастыру ісі заңнамалық тұрғыдан алғанда қайшы келеді. Тіпті заң тұрғысынан бақылауы күшті Еуропа мемлекеттері де өздігінен шіріп жатыр. Ешқандай оң нәтиже бермегендіктен, Амстердамда былтыр бүкіл қызмет көрсететін орындардың 25 пайызын жауып тастауына тура келген. Себебі азғындық артып, адамды сату үдерісі артқан. Ұлттық болмысқа қиянат келтірген. Тіптен Нидерландының өзі біртіндеп заңдастырылған жүйеден бас тартып келеді. Ал солтүстіктегі Финляндияда жеңгетайлық әрекетке барғандарды 6 айлық мерзімге бас бостандығынан айырады», — деп Айна ханым өз пікірін бүкпесіз жариялады.

Қорыта келе, қазіргі кезде әлемдік тәжірибеде жезөкшелікпен күрес мәселесін қараудың негізгі бес түрі бар:

1. Ең алдымен жеңгетайлардан құтылып, порнобизнестің құрбандығына еріксіз тартылған қыздарымызға көмектесуіміз керек;

2. Өмірде қиын жағдайға ұшыраған әйелдермен жасөспірімдерге әлеуметтік көмек ретінде арнайы бейімделген орталықтар ашу керек;

3. Жезөкшелікті заңдастыру керек. Себебі жезөкшелікті мемлекет заңдастырса, көптеген мәселелер өз шешімін табады деп ойлаймыз. Мысалы, жезөкшелікті заңдастырғанда, жезөкшелікпен айналысатын адамдар: а) медициналық тексерістен өтеді, медициналық тексеріс арқылы Қазақстан Республикасында мынандай аурулар ЖҚТБ немесе ВИЧ сияқтылары азаяды; б) медициналық тексерістен өткен адамдар мемлекетпен арнайы еңбек шартына отырады. Осы еңбек шартына отырған адамдар белгілі бір жалақы алады; в) жезөкшелікті заңдастырғаннан кейін, жезөкшелер еңбек шарты-

на отырғандықтан басқа еңбек ететін адамдар сияқты мемлекетке салық төлейді, ал жезөкшеліктен түсетін салық мөлшері мемлекетке миллиондаған қаражат әкеледі;

4. Адам өлтіру, әсіресе, ерекше жезөкшелер арасында көп кездеседі. Мысалы, қазіргі таңда жезөкшелерді белгісіз бір жерге апарып, жыныстық қатынастан кейін оларды өлтіріп тастайды. Сол үшінде жезөкшелерді заңдастырса оларға арнайы мемлекет тарапынан көмек көрсетіледі.

5. Жастардын арасында имани тәрбиені күшейтіп, шетелдік басылымдарға және әлемдік желіге сақтықпен қарау мәселесін жолға қою керек.